

№1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы: «2024–2025 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқу процесінің ерекшеліктері»

Өткізілген күні: 28.08.2024 жыл

Өткізілген орны: «Батыр» балабақшасы

Қатысқандар: 9

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі

1. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстарды қорытындылау.
2. 2024–2025 оқу жылына арналған балабақша жұмысының жылдық жоспарын бекіту. Жаңа оқу жылындағы әдістемелік-нұсқаулық хатпен, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен, Үлгілік оқу бағдарламасымен және Үлгілік оқу жоспарымен таныстыру. Күн тәртібін, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін, тәрбиешілер мен мамандардың жүктемесін бекіту.
2. Педагог портфолиосын жүргізу туралы ақпарат.

Бірінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Балабақша директоры А.Овезова педагогикалық кеңесті ашып, барлық педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Ол өз сөзінде өткен оқу жылының қорытындылары мен жазғы сауықтыру кезеңінде атқарылған жұмыстардың нәтижелері жаңа оқу жылын табысты бастауға негіз болатынын атап өтті. Одан кейін меңгеруші жазғы сауықтыру кезеңінде атқарылған жұмыстарға жан-жақты тоқталды. Жазғы кезеңнің негізгі мақсаты – тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, дене белсенділігін арттыру және балалардың жазғы демалысын мазмұнды ұйымдастыру болғанын айтты. Балабақшада жаз мезгілінде күн сайын таңертеңгілік гимнастика, сергіту жаттығулары, қимылды және ұлттық ойындар, таза ауадағы спорттық іс-шаралар

ұйымдастырылғанын баяндады. Балалардың күн тәртібі табиғат аясында өткізіліп, шынықтыру шаралары жүйелі түрде жүргізілгенін атап өтті. Жазғы кезеңде «Денсаулық күні», «Көңілді старт», «Менің көңілді жазым» атты мерекелік және спорттық іс-шаралар өткізілгенін айтып өтті. Аталған іс-шараларға ата-аналар да белсенді қатысып, балабақшамен бірлескен жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар жазғы кезеңде тәрбиешілердің шығармашылықпен жұмыс істегенін ерекше атап өтті. Әр педагог балалардың қызығушылығына сәйкес ойындар, тәжірибелер, танымдық және шығармашылық жұмыстар ұйымдастырып, балалардың бос уақытын тиімді өткізуге жағдай жасағанын айтты.

Баяндамасының соңында меңгеруші барлық педагогтерге атқарған еңбектері үшін алғыс білдіріп, жаңа оқу жылында да балалардың денсаулығын нығайту мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды жалғастыру қажеттігін айтты.

Сөз сөйледі:

Әдіскер Б.Шакыева сөз алып, жазғы сауықтыру кезеңіндегі барлық жұмыстар балабақшаның бекітілген жоспарына сәйкес жүргізілгенін айтты. Әрбір тәрбиеші күнделікті жоспарларын уақытылы әзірлеп, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қызықты ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізгенін атап өтті. Педагогтердің шығармашылық ізденісі нәтижесінде көптеген көрмелер, сайыстар және мерекелік бағдарламалар ұйымдастырылып, балалардың танымдық белсенділігі артқанын жеткізді. Сонымен қатар әдіскер жаз мезгілінде педагогтердің өзара тәжірибе алмасуы жақсы деңгейде болғанын айтты. Ашық іс-шаралар өткізіліп, тәрбиешілер бір-бірінің жұмыстарымен танысып, тиімді әдіс-тәсілдерді өз тәжірибелеріне енгізгенін атап өтті.

Тәрбиеші Ж.Сариева өз сөзінде балалардың жаз мезгілін ерекше қызығушылықпен өткізгенін айтты. Балалар табиғатты бақылап, құстарға қамқорлық жасап, гүлдерге су құйып, еңбек әрекеттеріне белсенді қатысқанын баяндады. Шығармашылық жұмыстар барысында балалардың қиялы мен эстетикалық талғамының дамығанын атап өтті. Тәрбиеші ата-аналармен жүргізілген жұмыстарға да тоқталды. Ата-аналардың көптеген іс-шараларға қатысып, балалармен бірге спорттық жарыстарға, көрмелерге

катысуы балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайтқанын айтты.

Екінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер Б.Шакыева 2024–2025 оқу жылына арналған Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің әдістемелік-нұсқаулық хатымен педагогикалық ұжымды толық таныстырды. Ол өз баяндамасында жаңа оқу жылында оқу-тәрбие процесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Үлгілік оқу бағдарламасына және Үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылатынын айтты. Әдіскер білім беру процесінде баланың жан-жақты дамуына бағытталған жаңа тәсілдер қолданылатынын, ойын арқылы оқыту, зерттеу әрекеттері, шығармашылық жұмыс технологиялары кеңінен пайдаланылатынын түсіндірді. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық түсіндіріліп, талқыланды.

Бұдан кейін балабақшаның 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жоспары таныстырылды. Жоспарда әдістемелік жұмыстар, педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру, ата-аналармен жұмыс, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мерекелік іс-шаралар, бақылау және мониторинг жұмыстары толық қамтылғаны айтылды. Сонымен қатар ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, күн тәртібі, тәрбиешілер мен мамандардың оқу жүктемесі педагогикалық кеңестің қарауына ұсынылды. Әр топтың жас ерекшелігі ескеріліп, оқу жүктемесінің нормативтік құжаттарға сәйкес бөлінгені туралы жан-жақты түсіндірме берілді.

Сөз сөйледі: тәрбиеші Ибрагимова Ж

Әдіскер Ибрагимова тарапынан берілген 2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік-нұсқаулық хатпен және балабақшаның жылдық жоспарымен таныстым. Ұсынылған міндеттер мен бағыттарды қолдаймын. Жаңа оқу жылында балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыруға, балалардың шығармашылық қабілеттерін

дамытуға, ойын арқылы оқыту әдістерін тиімді қолдануға және әр баланың жеке ерекшелігіне көңіл бөлуге тырысамыз. Сонымен қатар, педагог ретінде өз білімімізді жетілдіріп, кәсіби шеберлігімізді арттыру, заманауи әдіс-тәсілдерді оқу қызметінде қолдану маңызды деп есептеймін. Балалардың қауіпсіздігіне, денсаулығына және жан-жақты дамуына бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізетін боламыз.

Жылдық жоспарда көрсетілген жұмыстарды бірлесе отырып орындап, ата-аналармен тығыз байланыс орнатуға, балалардың қызығушылығын арттыратын шығармашылық және танымдық іс-шараларды ұйымдастыруға дайынбыз.

Сонымен қатар 2024–2025 оқу жылына арналған аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспары таныстырылды. Жоспарда аттестатталатын педагогтердің құжаттарын қабылдау мерзімдері, портфолиоарын зерделеу, ашық ұйымдастырылатын іс-әрекеттерге қатысу, тәжірибе алмасу семинарлары, кеңестер және қорытынды отырыстардың өткізілу мерзімдері нақты көрсетілгені айтылды. Сөзінің соңында барлық педагогтерді аттестаттауға жауапкершілікпен қарауға шақырып, қажетті құжаттарды уақытылы рәсімдеу, портфолиоарын толықтыру және кәсіби жетістіктерін жүйелі түрде жинақтап отыру қажеттігін айтты. Сонымен қатар комиссия мүшелерінің жұмысы әділ, ашық және қолданыстағы талаптарға сәйкес ұйымдастырылатынын атап өтті.

Сөз сөйледі:

Әдіскер Б.Шакыева сөз алып, аттестаттау педагогтің кәсіби өсуінің маңызды кезеңдерінің бірі екенін атап өтті. Ол аттестаттау барысында әр педагогтің кәсіби жетістіктері, оқу-тәрбие жұмысындағы нәтижелері, балалардың білім сапасы, әдістемелік белсенділігі және біліктілігін арттыру курстарынан өткендігі ескерілетінін айтты. Әдіскер педагогтерге портфолионы рәсімдеу барысында барлық құжаттарды талапқа сай жинақтау қажеттігін түсіндірді. Атап айтқанда, сертификаттар, дипломдар, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жоспарлары, мониторинг нәтижелері, ата-аналармен жүргізілген жұмыстар, авторлық бағдарламалар мен әдістемелік әзірлемелер толық енгізілуі керектігін айтты.

ШЕШІМ

Педагогикалық кеңесте қаралған мәселелер бойынша төмендегідей шешім қабылданды:

1. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстар қанағаттарлық деп танылсын. Балалардың денсаулығын нығайту жұмыстары жалғастырылсын.
2. 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жоспар, күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі және педагогтердің оқу жүктемесі бекітілсін.
3. Педагогтер портфолиоарын талапқа сай жүргізіп, кәсіби жетістіктерін толықтырып отырсын.
4. Шешімдердің орындалуын бақылау балабақша меңгерушісі А.Овезова және әдіскер Б.Шакыеваға жүктелсін.

Кеңес төрайымы:

А.Овезова

Хатшы:

Б.Шакыева

